

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы Отечественная история History of the Homeland

**Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2025. № 28 (1)**

РЕДАКЦИЯ

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Абдырахманов Толобек Әбілұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қырғыз Республикасы, Бішкек)

Апендиев Тимур Әкімханұлы – PhD докторы, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Горшенина Светлана Михайловна – PhD, тарих ғылымдарының кандидаты; CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/ Sorbonne университетінің зерттеу бөлімінің директоры (Франция, Париж)

Исмағұлов Оразақ Исмағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасының меңгерушісі (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Шиндзи Като – PhD (археология бойынша), Нарадағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара)

Бирсель Каракоч – Уппсала университетінің түркі тілдерінің профессоры (Швеция, Уппсала қ.)

Мионг Сун-ок – антропология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (Корея, Сеул)

Қозыбаева Махаббат Маликовна – PhD доктор; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Моррисон Александр – PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Ұлыбритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – археология ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс университетінің «Биоархеология» ғылыми орталығының жетекшісі (Литва, Вильнюс)

Муминов Әшірбек Құрбанұлы – тарих ғылымдарының докторы, арабтанушы, профессор; ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Түркия, Стамбул)

Нұрсан Әлімбай – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Отенова Гүлфира Елубайқызы – тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)

Оутрам Алан – археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна – Солтүстіктің байырғы халықтарының мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институтының этнологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі (АН СР(Ы) ХР) (Ресей Федерациясы, Якутск қ.)

Рюосуке Оно – Васеда университетінің тереңдетілген гуманитарлық зерттеулер орталығының доценті (Жапония, Токио)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы – Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, PhD доктор (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Томохико Уяма – PhD докторы, Хоккайдо университетінің славян және еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония, Саппоро)

Финке Питер – PhD докторы, Цюрих университетінің Макс Планк институтының профессоры (Швейцария, Цюрих)

Шотанова Ғалия Айтжанқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Жауапты редактор

Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы

Жауапты хатшы және редактор

Мырзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нұрлыбек Айдарбекұлы

Көбеев Рүстем Джаулыбайұлы

Техникалық көмек

Қонырбеков Медет Жаугааштыұлы

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жуматайқызы

РЕДАКЦИЯ**Главный редактор**

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Члены редакционной коллегии

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор (Республика Казахстан, г. Астана)

Абдырахманов Толобек Абилович – доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР (Кыргызская Республика, г. Бишкек)

Апендиев Тимур Акимханович – PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Горшенина Светлана Михайловна – доктор PhD, кандидат исторических наук; директор по исследованиям CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Университет Сорбонны (Франция, г. Париж)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана)

Като Синдзи (Shinji Kato) – PhD (в области археологии), Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара)

Бирсель Каракоч, профессор тюркских языков, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

Мионг Сун-ок – доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, г. Сеул)

Козыбаева Махаббат Маликовна – доктор PhD; ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития «Алаш» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана)

Моррисон Александр – PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, (Литва, г. Вильнюс)

Муминов Аширбек Курбанович – доктор исторических наук, арабист, профессор; консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул)

Нурсан Алимбай – кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Отеева Гульфира Елубаевна – доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А.Х. Маргулана (Республика Казахстан, г. Павлодар)

Оутрам Алан – доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна, руководитель Центра этнологических исследований Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера (ИГИ АН РС(Я)) (Российская Федерация, г. Якутск)

Рюосуке Оно – доцент, Центр перспективных гуманитарных исследований, Университет Васеда (Япония, г. Токио)

Сабитов Жаксылык Муратович – директор Научного института изучения Улуса Джучи, доктор PhD (Республика Казахстан, г. Астана)

Томохико Уяма – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований университета Хоккайдо (Япония, г. Саппоро)

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, г. Цюрих)

Шотанова Галия Айтжановна – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Ответственный редактор

Абдулина Аксункар Турсуновна

Ответственный секретарь и редактор

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Научные редакторы:

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нурлыбек Айдарбекович

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Техническое сопровождение

Конырбеков Медет Жаугаитиевич

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

EDITORIAL TEAM

Editor-in-Chief

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Republic of Kazakhstan, Astana)

Abdyrakhmanov Tolobek Abilovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic (Kyrgyz Republic, Bishkek)

Apendiev Timur Akimkhanovich – PhD, associate professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Gorshenina Svetlana Mikhailovna – PhD, Candidate of Historical Sciences; Research Director of CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne University (France, Paris)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana)

Shinji Kato – PhD (Archaeology), Nara National Research Institute for Cultural Properties (Japan, Nara)

Birsel Karakoch – Professor of Turkic Languages, Uppsala University (Sweden, Uppsala)

Myong Soon-ok – PhD (Anthropology), Associate Professor (Seoul, Korea)

Kozybaeva Makhabbat Malikovna – PhD; Leading Researcher, Institute of Culture and Spiritual Development «Alash» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Republic of Kazakhstan, Astana)

Morrison Alexander – PhD, Professor, New College, Oxford (United Kingdom, Oxford)

Motuzaitė-Matuzevichute Gidrė – Doctor of Archaeology, Professor, Head of the Scientific Center «Bioarchaeology» of Vilnius University, (Lithuania, Vilnius)

Muminov Ashirbek Kurbanovich – Doctor of Historical Sciences, Arabist, Professor; Consultant to the Director General for Organizational Activities of the OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul)

Nursan Alimbay – Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Otepova Gulmira Elubayevna – Doctor of Historical Sciences, Professor at the A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Republic of Kazakhstan, Pavlodar)

Outram Alan – Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter)

Romanova Ekaterina Nazarovna – Head of the Center for Ethnological Research, Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North (IHR RAS (Yakutia)) (Russian Federation, Yakutsk)

Ryuosuke Ono – Associate Professor, Center for Advanced Humanitarian Studies, Waseda University (Japan, Tokyo)

Sabitov Zhaksylyk Muratovich – Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, PhD (Republic of Kazakhstan, Astana)

Tomohiko Uyama – PhD, Professor, Center for Slavic-Eurasian Studies, Hokkaido University (Japan, Sapporo)

Finke Peter – PhD, Professor, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland, Zurich)

Shotanova Galiya Aitzhanovna – Candidate of historical sciences, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editor-in-Chief

Abdulina Aksunkar Tursunovna

Responsible Secretary and Editor

Murzakhodjaev Kuanysh Madievich

Scientific Editors:

Kasymova Didar Beysengalieвна
Chernienko Denis Arkadyevich
Dosymbetov Nurlybek Aidarbekovich
Kubeev Rustem Dzhaubayuly

Technical support

Konyrbekov Medet Zhaugashtievich
Zikirbaeva Venera Serikovna
Kopeeva Saniya Zhumataevna



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 2. Pp. 474-489
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ/ IRSTI 03.09.55

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_2_474-489

XX ҒАСЫРДАҒЫ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КӨШІ-ҚОН ТАРИХЫ: ҚҰЖАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ ЗЕРТТЕУ

Ақмарал Кенжеахметқызы Оспанова¹

¹С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
(62-үй, Жеңіс көш., 010000 Астана, Қазақстан Республикасы)

PhD (Тарих)

<https://orcid.org/0000-0003-2436-7109>. E-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Оспанова А.К., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Ғылыми мақалада қазақ диаспорасының әлемге таралу үдерісі тарихи кезеңдерге бөліп талданаған. XX ғасырдағы Шығыс Түркістандағы қазақтардың көші-қон тарихы, Түркияға қоныс аударғаннан кейінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайлары, қоныстануы мен бейімделу үдерістері Түркиялық зерттеулер негізінде қарастырылады. *Зерттеудің негізгі мақсаты:* XX ғасырдың ортасында Шығыс Түркістаннан Түркияға көші-қонның себептері мен тарихи алғышарттарын анықтау. *Зерттеу әдістемесі* құжаттық материалдар мен дереккөздерге негізделген және тарихи дискурс және этнографиялық әдістер басшылыққа алынды. Бұл әдістер Шығыс Түркістан қазақтарының көші-қонының тарихын толық, әрі терең зерттеуге мүмкіндік береді. *Нәтижелер:* Түркия үкіметі мен халықаралық ұйымдардың қатысуымен Шығыс Түркістан қазақтарын қабылдау және орналастыру бойынша жүргізілген іс-шаралар мен бағдарламаларға ресми құжаттар және статистикалық мәліметтерге сүйене отырып сараптау жұмыстары жасалынған. Түркиядағы қазақ диаспорасының тұрмысы, кәсібі мен ұлттық мәдениетті сақтаудағы орталықтардың қызметіне зерттеу жасалынған. Мақалада көші-қонның қазақ халқының этно-саяси дамуындағы маңыздылығы, сондай-ақ Түркиядағы қазақ диаспорасының қалыптасу үдерісі қарастырылады. Түркия үкіметінің қоныстандыру саясаты және халықтың жаңа ортаға бейімделу кезеңдері, олардың мәдени ерекшеліктерін сақтап қалуы мен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы талпыныстары тарихи құжаттар мен деректер негізінде талданған. Қазақ диаспорасының Түркия қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымына тигізген әсеріне де шолу жасалынған.

Түйін сөздер: Шығыс Түркістан, қазақ диаспорасы, көші-қон, Түркия, босқын

Дәйексөз үшін: Оспанова А.К. XX ғасырдағы Шығыс Түркістан қазақтарының көші-қон тарихы: құжаттық материалдар негізінде зерттеу // Отан тарихы. 2025. Т. 28. No 2. 474–489-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_2_474-489

МИГРАЦИЯ КАЗАХОВ ВОСТОЧНОГО ТУРКЕСТАНА В XX ВЕКЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ОСНОВЕ ДОКУМЕНТАЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

Акмарал Кенжеахметовна Оспанова¹

¹Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина

(просп., Женис, 62, 010000 Астана, Республика Казахстан)

PhD (История)

<https://orcid.org/0000-0003-2436-7109>. E-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Оспанова А.К., 2025

Аннотация. *Введение.* В научной статье анализируется процесс расселения казахской диаспоры по миру с выделением исторических этапов. Рассмотрена история миграции казахов Восточного Туркестана в XX веке, их социально-экономическое положение после переселения в Турцию, процессы адаптации и поселения на основе турецких исследований. *Цель исследования.* Выявить причины и исторические предпосылки миграции из Восточного Туркестана в Турцию в середине XX века. *Методология исследования* основана на анализе документальных материалов и источников, а также на исторических, социальных и этнографических методах. Эти методы позволили глубоко и всесторонне изучить историю миграции казахов Восточного Туркестана. *Результаты:* На основе официальных документов и статистических данных проведен анализ мероприятий и программ, реализованных турецким правительством и международными организациями по приему и размещению казахов Восточного Туркестана. Изучены условия жизни казахской диаспоры в Турции, их занятия, а также деятельность центров по сохранению национальной культуры. В статье обсуждается значение миграции в этнополитическом развитии казахского народа, а также процесс формирования казахской диаспоры в Турции. Анализируются миграционная политика турецкого правительства, этапы адаптации населения к новому окружению, их усилия по сохранению культурной самобытности и формированию национальной идентичности на основе исторических документов и данных. Также проведен обзор влияния казахской диаспоры на социально-экономическую структуру турецкого общества.

Ключевые слова: Восточный Туркестан, казахская диаспора, миграция, Турция, беженцы

Для цитирования: Оспанова А.К. Миграция казахов Восточного Туркестана в XX веке: исследование на основе документальных материалов // Отан тарихы. 2025. Т. 28. No 2. С. 474–489 [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_2_474-489

MIGRATION OF KAZAKHS FROM EAST TURKESTAN IN THE 20TH CENTURY: A STUDY BASED ON DOCUMENTARY MATERIALS

Akmaral K. Ospanova¹

¹S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University (KATRU)

(62, Zhenis Str., 0100006, Astana, Republic of Kazakhstan)

PhD (History)

<https://orcid.org/0000-0003-2436-7109>. E-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Ospanova A.K., 2025

Abstract. *Introduction.* The scientific article analyzes the process of the settlement of the Kazakh diaspora across the world, highlighting historical stages. The migration history of the Kazakhs from East Turkestan in the 20th century, their socio-economic conditions after resettlement in Turkey, and their adaptation and settlement processes are examined based on Turkish studies. *The purpose of the study.* To identify the reasons and historical prerequisites for the migration from East Turkestan to Turkey in the mid-20th century.

The *research methodology* is based on the analysis of documentary materials and sources, as well as historical, social, and ethnographic methods. These methods allowed for an in-depth and comprehensive study of the migration history of Kazakhs from East Turkestan. *Results:* An analysis was conducted of the measures and programs implemented by the Turkish government and international organizations for the reception and settlement of Kazakhs from East Turkestan, based on official documents and statistical data. The living conditions of the Kazakh diaspora in Turkey, their occupations, and the activities of centers focused on preserving national culture were studied. The article discusses the significance of migration in the ethno-political development of the Kazakh people, as well as the process of forming the Kazakh diaspora in Turkey. The migration policy of the Turkish government, the stages of population adaptation to the new environment, their efforts to preserve cultural identity, and the formation of national identity are analyzed based on historical documents and data. The article also reviews the impact of the Kazakh diaspora on the socio-economic structure of Turkish society.

Keywords: East Turkestan, Kazakh diaspora, migration, Turkey, refugees.

For citation: Ospanova A.K. Migration of Kazakhs from East Turkestan in the 20th Century: A Study Based On Documentary Materials // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. No 2. Pp. 474–489 [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_2_474-489

Кіріспе. XX ғасыр қазақ тарихының ең күрделі әрі маңызды кезеңдердің бірі болды. Бұл дәуірде орын алған саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістер қазақ халқының ғана емес, барлық Орталық Азиядағы түркі халықтарының тұрмысы мен болашағына түбегейлі өзгеріс әкелген болатын. Шығыс Түркістан қазақтарының көші-қон тарихы осы кезеңнің негізгі мысалдарының бірі болып табылады.

Шығыс Түркістан атауы - ешқандай саяси мүддеге тәуелсіз географиялық термин, түркі халқы мекендеген шығыс аймақтың атауы. Бұл аймақты Түркі кезеңінен бастап, түркі халықтарының қоныс тепкен жері екендігін тарихта, археологиялық зерттеулер де растайды. Аталмыш деректі Шығыс Түркістанның қазіргі иесі болып отырған Қытай тарихшылары да жоққа шығармайды [Қуандық, 2018].

Шығыс Түркістан қазақтарының көші-қон тарихы бірнеше кезеңдерді қамтиды және ол аймақтағы саяси-әлеуметтік, экономикалық, сондай-ақ этникалық факторлардың ықпалымен қалыптасты. XX ғасырдың алғашқы жартысында Қытайдың ішкі тұрақсыздығы, отаршылдық саясаттың күшеюі және этникалық азшылықтарға деген қысым қазақтардың ата қоныстарынан жаппай көшуіне себеп болды. Шығыс Түркістан, яғни қазіргі Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы, тарихи тұрғыдан әртүрлі этностар мекендеген аймақтардың бірі болды. Бұл аймақтың қазақ халқы үшін маңызы зор, XIX ғасырдан бастап көптеген қазақ рулары осы аймақта көшіп-қонып, мал шаруашылығымен айналысты. Алайда, XX ғасырдың басында Қытайдағы саяси тұрақсыздық пен ішкі қақтығыстар аймақтағы этникалық азшылықтардың жағдайын нашарлатты. Қытайдың Цинь империясы құлағаннан кейінгі кезеңде Шыңжаңды басқару мәселесі күрделене түсті. Әсіресе, 1930-1940 жылдары Қытайдың ұлттық біртұтастық саясаты және Шыңжаңдағы этникалық топтарды ассимиляциялау әрекеттері қазақтардың көшіп-қонуына әсерін тигізген болатын. Ұлттық және діни ерекшеліктерді жоюға бағытталған бұл саясат қазақтар арасында алаңдаушылық тудырды.

Шығыс Түркістандағы қазақтардың негізгі ата кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болғандықтан аймақтағы экономикалық өзгерістерге тікелей тәуелді болды. XX ғасырдың басындағы Қытай билігі енгізген салық саясаты және жер реформалары қазақтардың күнделікті өміріне үлкен әсер етті. Жергілікті халықтың жерлерін тартып алу, сауда-саттыққа қойылған шектеулер қазақтардың күнкөрісіне кедергі келтірді. Осы экономикалық факторлар олардың көрші елдерге, әсіресе, Орталық Азия елдері мен Түркияға қоныс аударуына негіз болды.

Шығыс Түркістан қазақтарының алғашқы көші-қон толқындары XX ғасырдың 30-40 жылдарында орын алды. Бұл кезеңде Шыңжаңдағы этникалық және діни қысымның күшеюі қазақтарды тұрақты қоныстарынан кетуге мәжбүрледі. Олардың бір бөлігі кеңестік Қазақстанға қоныс аударса, келесі бөлігі Ауғанстан, Пәкістан, Үндістан және Түркия сияқты елдерге қарай бағыт алды. Түркияға қоныс аударған қазақтардың алғашқы легі әсіресе 1950 жылдары байқалды. Бұл процесс халықаралық ұйымдардың араласуымен жүзеге асырылды.

Әдістеме. Бұл ғылыми жұмыста XX ғасырдағы Шығыс Түркістан қазақтарының көші-қон тарихын зерттеу үшін бірнеше тарихи әдістемелік тәсілдер қолданылды. Зерттеу әдістемесі құжаттық

материалдар мен дереккөздерге негізделген және тарихи дискурс әдісі негізінде, тарихи-социологиялық және этнографиялық зерттеулерді басшылыққа алған.

Зерттеу әдістемесі келесі негізгі кезеңдер мен тәсілдерден тұрады. *Құжаттық зерттеу*: Шығыс Түркістан қазақтарының көші-қонына қатысты тарихи құжаттарды жинақтау мен талдау маңызды әдіс ретінде пайдаланылды. Көші-қонға қатысты ресми құжаттар, статистикалық мәліметтер, көші-қон тарихына қатысты БАҚ-да шыққан мақалалар жинақталып тарихи тұрғыдан саралау жұмыстары жасалынған; *Тарихи анализ және салыстырмалы зерттеу*: Құжаттар мен дереккөздерді талдай отырып, көші-қон процестерінің тарихи ерекшеліктері мен себептерін анықтау мақсатында салыстырмалы зерттеу әдісі қолданылды. Шығыс Түркістаннан Түркияға орын ауыстыру барысындағы түрлі тарихи оқиғалар, саяси жағдайлар, әлеуметтік және экономикалық өзгерістер тарихи дискурс әдістемесі негізінде талданған. *Этнографиялық әдіс*: Этнографиялық зерттеулер арқылы Түркиядағы қазақ диаспорасының әлеуметтік жағдайы мен мәдениеті зерттелді. Бұл әдіс көші-қонның қазақтардың мәдениетіне, тіліне және ұлттық сана-сезіміне тигізген әсерін анықтауға мүмкіндік берді. *Сандық және сапалық талдау*: Көші-қон туралы жиналған барлық деректер сандық және сапалық талдау арқылы жүргізілді. Сандық талдау кезінде көші-қон ағындарының динамикасы, көшіп келушілердің саны, олардың орналасуы мен әлеуметтік жағдайы қарастырылған. *Географиялық талдау*: Көші-қон үрдісінің географиялық ерекшеліктерін зерттеу мақсатында көші-қонның бағыттары мен қоныстанған аймақтар туралы деректер талданды. Бұл кезеңде Түркияның әртүрлі аймақтарына қоныс тепкен қазақтардың орналасу тәртібі, сонымен қатар көші-қон саясаты мен Түркиядағы көші-қон органдарының рөлі анықталған. Жоғарыда аталған әдістемелік тәсілдер арқылы Шығыс Түркістан қазақтарының көші-қоны туралы кешенді, әрі жүйелі зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижелері XX ғасырдағы көші-қон процестерін терең түсінуге және қазақ диаспорасының қалыптасу тарихын объективті түрде сипаттауға негіз болды.

Материалдар. XX ғасырдың 50-70 жылдарындағы Шығыс Түркістан қазақтарының көші-қонының тарихы мен оның нәтижелерін толық әрі объективті зерттеу үшін ғылыми мақалалар, монографиялар және баяндамалар мен құжаттық материалдар басшылыққа алынды. Бұл зерттеулер Шығыс Түркістан қазақтарының Түркияға көшуінің әлеуметтік, саяси және экономикалық факторларын талдауға мүмкіндік береді.

Джордж Демко [Джордж, 1997] мен Халифа Алтайдың [Алтай, 2000] еңбектері Қазақстанның көші-қон тарихындағы маңызды деректерді тарихи тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, Джордж Демко «Орыстардың Қазақстанды отарлауы (1896-1916)» [Джордж, 1997] зерттеуінде Ресей патшалығының Қазақстанды отарлауы салдарынан шет аймақтарға көшкен қазақтар туралы маңызды мәлімет ұсынса, Халифа Алтай «Алтайдан ауған ел» [Алтай, 2000] еңбегінде Шығыс Түркістандық қазақтардың Алтайдан Анадолыға көш тарихын сипаттайды. Бұл зерттеулерде кеңестік және одан кейінгі кезеңдегі саяси-әлеуметтік жағдайлардың халыққа тигізген әсері терең талданған.

Шығыс Түркістан қазақтарының көші-қоны туралы толыққанды мәліметтерді алу мақсатында Хасен Оралтайдың «Hürriyet Ügrunda Doğu Türkistan Kazak Türkleri» [Oraltay, 1976] еңбегіне басымдық берілді. Сондай-ақ, Абдуллахап Караның «Kazakların Altaylardan Anadolu'ya Uzanan Göçü» [Kara, 1996] ғылыми мақаласы, Мерием Хакимнің «Doğu Türkistan 20.yy İstiklal Mücadelesi» [Hakim, 2010] мақаласы. Абдуллахап Караның «Kazakların Altaylardan Anadolu'ya Uzanan Göçü» [Kara, 2010] еңбектерінде қазақ диаспорасының Түркиядағы, Еуропадағы және басқа да аймақтардағы қалыптасуы туралы жан-жақты талқыланды. Бұл зерттеулер көші-қонның тарихи, мәдени және әлеуметтік аспектілерін көрсетіп, қазақ диаспорасының бүгінгі таңдағы жағдайына баға береді. Аталмыш зерттеулер Түркиядағы көші-қонның статистикалық деректері мен көші-қон ағындарын талдауға көмектесті.

Түркиялық зерттеуші Филиз Чолактың «Salihli Kazaklarının Günümüzdeki Durumu» және Тунжер Текиннің «1949-1964 Yılları Arasında Doğu Türkistan'da İstiklal Mücadelesi Ve Türkiye'ye Yarılan Göçler» [Tuncer, 2015] мақаласында қазақтар мен түріктер арасындағы мәдени байланыстар мен ортақ құндылықтарға тоқталған. Авторлар қазақтардың Түркияға бейімделу тәжірибесін талдай отырып, көш тарихын нақты деректер арқылы зерттеуге тырысқан.

Шығыс Түркістаннан келген түркі халықтарының тарихын зерттеп жүрген Түркиялық тарихшылар Кул Өмер мен Тунжер Текиннің «XX. Asırda Doğu Türkistan'da Göçler, Türk Dünyasında Sürgün ve Göç» [Kul, Tuncer, 2015] атты зерттеуі арқылы Түркия тарапынан тұрақты қоныс аударушы ретінде келген қазақ отбасыларына мемлекеттік тарапынан көрсетілген көмектер туралы құжаттық

деректерге қол жеткізуге мүмкіндік алдық. Зерттеуде Түркияның көші-қон саясатына қатысты ресми шешімдері мен хаттамалар қамтылған. Мысалы: Түркияның ішкі істер министрлігінің көші-қонға байланысты құжаттары мен Түркияға келген қазақтарды орналастыру жұмыстары туралы маңызды ақпараттар ұсынылған.

Алғаш тәуелсіздіктен кейінгі Қазақстанда диаспорология ғылымының негізін салып, оның ішінде қазақ диаспорасын түбегейлі зерттеп жүрген ғалымдар Г.М. Мендикулова, Б.Ж. Атантаеваның «История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960-е гг.» [Мендикулова, Атантаева, 2008] атты монографиялық еңбегінде авторлар Ресей, Қазақстанның орталық архивтерінде жүргізілген ғылыми зерттеулерді басшылыққа ала отырып, көші-қон түрлері мен оған әсер ететін негізгі факторларға, әлемдік масштабтағы проблемаларға кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізген.

И. Жеменейдің «Иран қазақтары» [Жеменей, 2007] және З. Қинаятұлының «Жылаған жылдар шежіресі» [Қинаятұлы, 1995] атты еңбектерінде қазақ халқының тарихындағы күрделі кезеңдерге, әсіресе ұлт-азаттық қозғалыстар мен этникалық қақтығыстарға тоқталады. Аталмыш зерттеулерде қазақтардың шетелге көшу тарихы мен оның себептері егжей-тегжейлі баяндалған.

«Шығыс Қазақстандағы репатриация үдерісінің тарихы (1991-2011 жж) [Атантаева, Мамырбеков, Оспанова, 2016] атты ғылыми монографияда 1991-2011 жылдар аралығындағы Шығыс Қазақстанда репатриация үдерісінің тарихи ерекшеліктері мен қазақ диаспорасының қалыптасу кезеңдері қарастырылған. Авторлар Қазақстанға қоныс аударған қазақтардың көші-қон динамикасы, тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын толық зерттеген. Бұл әдебиеттер көші-қонның тарихи контекстін түсінуге, сондай-ақ Шығыс Түркістан қазақтарының көші-қонының тарихи маңызын айқындауға мүмкіндік береді.

Түркияға келген Шығыс Түркістан қазақтары туралы тарихи және мәдени медиа материалдар, соның ішінде газет мақалалары, фотосуреттер мен видеоматериалдар да зерттеудің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл деректер көші-қонның қоғамдық деңгейде қабылдануы мен оның визуалды бейнесін көрсету үшін маңызды. Аталмыш материалдар мен деректер көші-қонның ішкі әлеуметтік, экономикалық және мәдени аспектілерін тереңінен зерттеуде өтек өзекті. Зерттеудің негізгі материалдары осы деректерге негізделген және ғылыми талдау арқылы Шығыс Түркістан қазақтарының көші-қон тарихын толықтай түсінуге жол ашады. 1950-1960 жылдары Түркияның «Milliyet» газетінде жарияланған мақалаларда «Шығыс Түркістаннан келген көш» деген атаумен берілген мақалада қанша қазақ отбасы көшіп келгендігі және Түркияның қандай аймақтарына орналастыру керектігі туралы мәліметтер ұсынылған. Бұл деректер тарихи оқиғаларға БАҚ көзімен қарауға мүмкіндік береді. Материалдар бөлімінде ұсынылған аталмыш зерттеулер қазақ халқының көші-қон үдерісінің тарихи, мәдени және әлеуметтік аспектілерін терең түсіну үшін маңызды дереккөздер ретінде пайдаланылды.

Талқылау. Қазақ халқының біршама бөлігі басқа этникалық кеңістікте әр түрлі себептермен дүниежүзінің әр мемлекетінде қоныстануы қазақ диаспорасының қалыптасу тарихын туындатқаны белгілі. Бір елдің екіге бөлінуі, бір ұлттың түрлі елдерде өмір сүруі және олардың қайта бірігуі тарихи тәжірибеде кездесетін құбылыс [Атантаева, Мамырбеков, Оспанова, 2016: 23]. Қазақтардың әлемге таралуының тарихи басты себебі – Кеңес дәуірінде жасалған қысымдар нәтижесінде орын алды. Бұл көштердің ең үлкен бөлігі халықтың колхоздарға мәжбүрлі түрде кіргізіліп, отырықшыландыру саясаты нәтижесінде екінші бесжылдық жоспар кезінде (1928–1932 жылдар) жүзеге асып, қазақ халқының әлемге таралуына себеп болды.

Шетелдегі қазақ диаспорасының қалыптасуы XVIII-XIX ғасырлардан бастау алады. Бұл үдеріс бірнеше ғасыр бойы, түрлі тарихи кезеңдерден өтіп қалыптасты. Қазақтардың шетелге қоныс аударуының алғашқы кезеңі XVIII ғасырдың соңынан басталып, XIX-XX ғасырларда саяси жағдайларға байланысты екі есеге артты [Оспанова, 2017]. Осы тұрғыдан алғанда, қазақтардың шетелге көшуін 4 кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең: XVIII ғасыр – Жоңғар шапқыншылығы кезеңі. Бұл кезеңде Қазақ хандығы өзінің бұрынғы күшін айтарлықтай жоғалтқан болатын. Жоңғарлардың қазақ даласына үздіксіз шабуылдары халықты бұрыннан мекендеген жерлерін тастап кетуге мәжбүр етті [Қинаятұлы, 1995]. Осы кезеңде көптеген қазақтар көршілес аймақтарға қоныс аударды. **Екінші кезең:** XIX ғасыр және XX ғасырдың басы: Ресей империясы Қазақстанды жаулап алғаннан кейін, бұл жерлерді толық иемдену үшін түрлі әдістерді қолданды. 1889 жылғы жер заңы бойынша орыс шаруаларына қалаған жерлерінде қоныстануға және жер иеленуге рұқсат берілді. 1891 жылы осы заңға қосымша енгізіліп,

қазақтардың жерлерін тартып алу заңдастырылды. Осы саясат нәтижесінде шамамен 20 жылда Қазақстанға 1,5 миллион орыс шаруасы қоныстанды [Атантаева, Мамырбеков, Оспанова, 2016: 23]. Бұл саяси оқиғалар қазақтардың әлеуметтік жағдайын қиындатып, көршілес аймақтарға көшуге мәжбүрледі. *Үшінші кезең:* XX ғасырдың алғашқы ширегіне сәйкес келеді. Бұл кезеңде патшалық Ресейдің басқыншылық саясатына және Кеңес Қызыл армиясына қарсы ұлт-азаттық көтерілістер басталды. Осы көтерілістердің орыс әскерлері тарапынан күшпен басылуынан кейін қазақтардың жағдайы одан әрі нашарлады. 1916 жылы көтеріліске қатысып, II Николай патшаның шешіміне қарсы шыққандар, көп мөлшерде салық төлеуге мәжбүр болды. Экономикалық тұрғыдан онсыз да қиын жағдайда тұрған халық, бұл салық арқылы одан әрі кедейшілікке ұшырады. Зерттеуші А. Кавказиялының орыс деректеріне сүйене отырып берген мәліметтерінде: 1916 жылғы көтерілісте 673 мың қазақ қаза тапқан, 168 мың қазақ Сібірге жер аударылып, 300 мың қазақ пен қырғыз Шығыс Түркістанға қашуға мәжбүр болды [Kafkasyalı, 2012: 167]. Бұл экономикалық қиындықтарға қоса діни мәселелерде шектеулер қойылды, мешіт құрылысына тыйым салынды, қоғамдық ұйымдар тәркіленді, жайлау мен қыстау аймақтарына еркін көшу шектелді. Мұндай әлеуметтік шектеулер қазақтардың өз жерінде өмір сүруін одан әрі қиындатты. Осы жағдайға байланысты бірқатар қазақтар өз жерлерінен айырылып, басқа аймақтарға көшуге мәжбүр болды. *Төртінші кезең:* 1920-1940 жылдар аралығы. Бірінші дүниежүзілік соғыстың ауыртпалығы сезіліп жатқан уақытта, жоғарыда айтылған 1916 жылғы көтеріліс салдарынан 347 адамның өлім жазасына кесілуі, 168 мың адамның Сібірге жер аударылуы және 300 мың адамның Шығыс Түркістанға қашуы нәтижесінде Қазақстан үлкен қиындыққа ұшырады. Осы жағдайлардың салдарына үш жыл толмай жатып, 1920 жылы қазақтар «жасанды аштық пен жоқшылық» арқылы жойылу қаупіне тап болды. 1920 жылы ауа райы біршама құрғақ болды. Кеңес өкіметі бұл мәселеге шешім іздеу орнына, қазақ шаруаларының қолындағы мал-мүлкін және азық-түлік қорларын салық ретінде мәжбүрлі түрде жинап Ресей қалаларына жіберілді. Бұл апатта қайтыс болғандардың саны 1921 жылдың қарашасында 1 508 000-ға, ал 1922 жылы 2 303 200-ге жетті. 700 мыңнан астам адам Шығыс Түркістан мен басқа көршілес елдерге қоныс аударды [Джордж, 1997:42-64]. Бұл оқиғалар да қазақтардың шетелге көшуіне негізгі себептердің бірі болды.

Қазақ даласында көшпелі немесе жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан, кең жайлауы мен қыстауы бар жеті жүзге жуық қазақ байларының жері мен мал-мүлкі күшпен тартып алынып, халыққа таратылған. Алайда, көп ұзамай, бұл мүліктер қайтадан халықтан тартып алынып мемлекет меншігіне табысталды. 1928 жылы көшпелі қазақ, қырғыз, өзбек және басқа да түркі топтарынан 145 000 бас мал тартып алынып, осы мүліктер мемлекет пайдасына қайтарылды. Бұл қысым мен тәркілеу шаралары қазақтарды ауыр жағдайға қалдырды [Mustafa, 2007: 124]. Осы саяси қысым нәтижесінде 1928 жылы қазақ билерінің мал-мүлкі тәркіленген уақытта 416 отбасы Қытай аймақтарына көшті [Bregel, 2003:95-96]. Ұжымдастыру жылдарында, қазақ халқының көп бөлігі Шығыс Түркістанға, Тәжікстанға, Иранға қоныс аударды [Жеменей, 2007:3].

«Қызыл қырғын» деп аталған және 1929-1933 жылдары Қазақстанда Мәскеу атынан Голощекиннің қолдан ұйымдастырған ашаршылығы мен қырғыны кезінде 2 миллионнан астам қазақ көз жұмды [Kafkasyalı, 2012: 170]. Сол дәуірдің шетелдік зерттеулерде атап айтқанда, 1933 жылы Фредерик Бартелдің «New York Times» газетінде және Ральф Барнестің «Herald Tribune»-дегі мақалаларында қазақтардың адам шығыны 1 миллион деп көрсетілген [Есмағамбетов, 1994: 38; Kigmer, 1997: 132]. Кейбір шетелдік зерттеушілер бұл шығынды әртүрлі бағалады: Б. Шиллер 860 000-нан астам, Р. Монквест 1 миллионнан астам, ал М. Олкотт 1,5 миллион адамның аштықтан қырылғанын мәлімдеді [Қасымжанов, 1994:80]. 1930 жылдың 1 мамырында қазақ халқының саны 5 873 000 болса, 1933 жылдың 1 мамырына қарай бұл сан 2 493 500-ге дейін азайды. Ал 1936 жылы бұл сан 3 278 000-ге жетті. Басқа жылдары жүргізілген санақ бойынша, 1926 жылы қазақ халқының саны 3 628 000 болса, 1939 жылы бұл көрсеткіш 2 833 000-ге дейін төмендеген. Сол жылдары орыс халқының саны артты: 1926 жылы 2 165 000 болса, 1939 жылы 2 877 000-ге жетті [Kafkasyalı, 2012:168]. Осылайша, Кеңес билігінің қысымы мен біржақты саясатының салдарынан өз Отанында жан сақтау мүмкіндігінен айырылған қазақтар шетелге көшуге мәжбүр болды. Оңтүстік Қазақстанда тұратын қазақтар Өзбекстан арқылы Иран мен Ауғанстан аймақтарына, ал Шығыс Қазақстан мен Жетісу өңірлеріндегі қазақтар Шығыс Түркістанға (Қытай) қоныс аударды. Халықтың көп бөлігі көші-қон кезінде аштық пен аурудан қаза тапты.

1936-1938 жылдар аралығында үлкен террор жылдарында қазақ зиялыларының 80%-ы атылып, бір бөлігі Сібірге жер аударылды [Kafkasyalı, 2012:169].

Тарих тұрғысынан қарағанда, шетелдегі қазақтардың пайда болуы екі түрлі жолмен жүзеге асқан. Біріншісі, Ресейдің отарлау саясаты кезінде саяси себептермен өз Отанын тастап кетуге мәжбүр болған қазақ отбасылары болса, екіншісі – географиялық аумақтардың бөлінуі нәтижесінде басқа елде қалған «ирредент» қазақтар. Бұл топқа Қытай өңірлерінде (Шығыс Түркістан), Ресейде және Өзбекстанда өмір сүретін қазақтарды жатқызуға болады. Мысалы, Шығыс Түркістандағы Іле, Тарбағатай, Алтай, Баргөл өңірлеріндегі қазақтар өздерінің тарихи жерлерінде өмір сүрген еді. Алайда, бұл жерлер саяси жағдайлар барысында соңғы екі ғасыр бойы Қытайдың шекарасына өткен болатын.

Шығыс Түркістандағы қазақтар

Жоғарыда қазақ халқының бір бөлігі әртүрлі саяси себептермен шекаралас аймақтарға, әсіресе Шығыс Түркістан өңіріне көшкені туралы айтылған болатын. Шығыс Түркістанда өмір сүрген қазақтардың бір бөлігі мұнда ғасырлар бойы өмір сүрді. Аталмыш аймақ ертеден түркілер, моңғолдар және қытайлар арасындағы қақтығыс алаңы болып келді. Шығыс Түркістан этникалық жағынан ғана емес, тіл және мәдениет тұрғысынан да Түркістанның, түркі әлемінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылған [Айтсан, 2010: 13]. Бұл жерлер қытай деректерінде ерте кезеңнен Қытайдың емес, түркілердің иелігінде болғандығы айтылады. Шығыс Түркістанның батыс әдебиетіндегі атауына келсек, «Шахнамаға» сәйкес, біздің дәуірге дейінгі кезеңдерде түркілер мекендеген жерлер «Тұран» деп аталған [Tuncer, 2006:97-100]. Алайда, XIX ғасырда Түркістанның шығысы да, батысы да отаршыл елдердің ортақ саясатының негізгі нысанына айналған болатын.

Ресей 1881 жылы жасалған Петербург келісімі арқылы Құлжа өңірі (Шығыс Түркістанды) өтемақы ретінде Қытай иегігіне өткен болатын. Аталмыш кезеңде бұл аймақта өмір сүрген халықтар арасында қазақтардың саны басым болды. 1883 жылы Құлжа Ресей тарапынан толықтай босатылып, 1884 жылы 18 қарашада Қытай императорының бұйрығымен «Шыңжаң» (Xin Jian – Жаңа шекара, жаңа жер) деген атпен тікелей империяға қосылды [Erkin, 2002: 276].

1883 жылы Шығыс Түркістан қазақтарына бір жыл ішінде екі елдің бірін таңдау талабы қойылды. Бұл жағдай қазақ даласымен шектес шығыс және оңтүстік-шығыс аймақтарда алғаш рет шекарадан тыс қазақтардың пайда болуына себеп болды. Бұл оқиға қазақтардың ұлттық бірлігіне зиян тигізіп, әртүрлі мемлекеттердің арасында таралуына, өз тарихы мен тілінен алшақтап, оқшаулануына жол ашты [Мендикулова, Атантаева, 2008]. Осылайша, Шығыс Түркістандағы қазақтар Қытай қарамағында қалған болатын.

Шығыс Түркістандағы қазақтар Тянь-Шань мен Алтай таулары арасындағы Жоңғар ойпатында көшпелі өмір салтын ұстанды. Шығыс Түркістанның Іле аймағы мен Мори және Баркөл аудандары Қазақ автономиялық ауданы болып табылады. Іле және Жоңғар аймақтарында (Алтай, Шәуешек, Үрімші және Құмыл) көп қазақ отбасы өмір сүрді [Yigit, 2001: 1-15]. Сондай-ақ, Үрімші маңындағы Еренқабырға тауларының етегінде де қазақтар қоныстанды [Oraltay, 1976:13]. 1994 жылғы халық санағына сәйкес Шығыс Түркістандағы қазақтардың саны 1 193 723 адамды құраса, Қытайдың басқа аймақтарындағы қазақтар санына 1,2 миллионнан асқандығы туралы статистикалық дерек келтіріледі [Yigit, 2001: 14].

Қазақтардың Шығыс Түркістаннан Үндістанға көшуі

Шығыс Түркістандағы Қытай генерал-губернаторларының қысымына ұшыраған қазақ отбасылары бірден және тікелей Түркияға қоныс аудармаған болатын. 1935 жылдан 1952 жылға дейін 17 жылдық ұзақ тарихи кезеңде жүзеге асты [Қаға, 2012]. Бірінші кезеңде қазақтар Шың Шы Цайдің басшылығындағы Шығыс Түркістаннан шығыстағы дүңгендер (қытай мұсылмандары) басқаратын Ганьсу провинциясына көшті. 1931 жылы Шығыс Түркістанның Құмыл қаласында тәуелсіздік үшін күрес басталғаннан кейін, саяси жағдайдың нашарлауының нәтижесінде Шығыс Түркістанда тұратын барлық түркі халықтарына зорлық-зомбылық көрсетіле бастады. Қытай билеушілері салық жинау, саяси және әскери қысым жасау арқылы өктемдік танытып, қазақтарға бейбіт өмір сүруге мүмкіндік бермеді [Нақым, 2010: 113]. Қытай әскерлері мен әкімшілігіне қарсы шыққан қазақтар Қытай заңына сәйкес қатаң жазаланды, мысалы, Хасантұз ауылында болған шабуылда көптеген қазақтар әскерлердің шабуылына ұшырап, тек ауылда болмағандар ғана аман қалды [Mustafa, 2007: 124-139]. Осылайша, қытай армиясының үлкен күштері мен қолданған саясатының әсерінен қазақтар үлкен шығынға ұшырап, өздерінің мекендерінен кетуге мәжбүр болды.

XX ғасырдың 1930-жылдарына дейін қазақтар, басшыларына жасалған зорлық-зомбылықтан кейін, Шығыс Түркістаннан оңтүстікке, Тибет аймағына қарай қоныс аударды. 1941 жылы алғашқы қоныс аударушы топтың 3000 адамнан тұратын тобы Үндістанға қоныс аударуға мәжбүр болды

[Наким, 2010:114]. 1941 жылы Үндістан, Ұлыбританияның билігінде болғандықтан, қазақ көшбасшылары Үндістанның әкімшілігінен қоныс аударушы ретінде жергілікті билікке рұқсат алу үшін өтініш жасады [Mustafa, 2007:133]. Осылайша, 1936 жылдан бастап басталған аздаған топтар арасындағы көш, 1949 жылы үлкен қазақ көшке айналды. Шамамен 7000 қазақ Тақла-Мақан шөлі мен Гималай тауларын екі жылдық ұзақ жолмен кесіп өтіп, 1951 жылы Үндістанға жетті. Алайда, соғыс, аштық және табиғи жағдайлар салдарынан көшке қатысушылардың жартысынан көбі жолда қаза тапты [Çolak, 2007:105-108].


Бұл оқиға туралы Ширзат Доғу 1949 жылы 15 жасында отбасымен Қытайдан Үндістанға қоныс аударуы туралы төмендегідей баяндайды:

«Маоның әскерлері Үрімжіні қоршауға алды. Бізді қорқыныш биледі. Үрімжіден жолға шығып, орманды аймақтарға қаша бастадық. Екі ағам Гималайда оттегінің жетіспеушілігінен қаза тапты. Түнде жүріп, күндіз қауіпсіз жерлерде тынығатын едік. Бұл қашу екі жылға созылды. Алдымен Тибетке, содан кейін Үндістанға жеттік. Үш жыл Үндістанда болдық. Одан кейін Құрметті Президентіміз (Автор: Түркия Президенті) Жәлал Байардың қолдауымен Түркияға көштік» [Çolak, 2007:108].

1947 жылы Үндістан Ұлыбританияның отаршылдығынан азат болып, өз тәуелсіздігін жариялап, Үндістан мен Пәкістан екіге бөлінді. Бұл оқиғалардан кейінгі Үндістан мен Пәкістан арасындағы ұлтаралық қатығыстар салдарынан қазақтар, мұсылман дінін ұстануына байланысты Пәкістанға қоныс аударды [Алтай, 2000:406]. Олар жергілікті мұсылмандардан да қолдау тапты. Алайда, аймақтың жылы, әрі ылғалды климаты көптеген қазақтардың ауруға шалдығуына себеп болып, бірнеше қазақтар осы аймақта қаза болды [Kara, 2010].


Көш басшылары бұл кезеңде өзара ынтымақтастық пен қолдау көрсету үшін бір ұйым құру қажеттілігін түсінді. Осылайша, 1951 жылдың 17 қазанында Пешавар қаласында «Шығыс Түркістан қазақ мигранттар қоғамы» құрылды. Қор құрылысының алғашқы қадамы ретінде Пәкістанның әртүрлі қалаларында тұратын қазақтардың тізімі жасалды. Қордың басты мақсаты: Пәкістандағы шашырап жатқан қазақтарды біріктіріп, олардың арасында бірлік пен ынтымақты күшейту болды және ең негізгі Түркияға тұрақты қоныс аудару болды [Kesici, 2003:20].

1950-жылдардың басында «Дүниежүзілік көшпенділер қоғамы» арқылы Пәкістан мен Үндістандағы қазақтар Түркия Республикасынан көмек сұрайды. Бір жыл өткен соң, Анкарадан келген жауапта қазақтардың Түркияға тұрақты түрде иммигрант (iskanlı göçmen) ретінде қабылданатыны, бірақ әкімшілік рәсімдер аяқталмайынша біраз уақыт күту керектігі хабарланды (Сур.1) [Tuncer, 2015:368]. Осы хабарламадан кейін көп уақыт өтпей, Түркия үкіметі, премьер-министр Аднан Мендерес басшылығымен министрлер кеңесі 1952 жылдың 13 наурызында қабылданған 3/14595 санды қаулысымен қазақтардың Түркияға тұрақты көшіп келуіне келісім берілді [Çolak, 2007:107]. (Сур.1.1)



Сур. 1. Хүсейін Тейжінің Түркияға қоныс аудару туралы өтінішіне Нью Делидегі Елшіліктің берген жауабы [Tuncer, 2015:368]

Fig. 1. The response from the Embassy in New Delhi to Hüseyin Teyji's request to immigrate to Turkey [Tuncer, 2015:368]



Сур.1.1. Шығыс Түркістандық қазақтарды тұрақты қоныс аударушы ретінде Түркияға қабылдау туралы Министрлер кабинетінің шешімі [Tuncer, 2015: 360]

Fig. 1.1. The decision of the Cabinet of Ministers regarding the acceptance of Kazakhs from East Turkestan as permanent settlers in Turkey. [Tuncer, 2015:360].

Қазақ көші туралы алғашқы еңбегін жариялаған, көші-қон көшбасшыларының бірі, қазақ ғалымы Халифа Алтай, өз кітабында бұл оқиғаны былайша баяндайды:

«...1952 жылы Наурыз айының 13-інде 3/14595 нөмірлі қаулымен Түркия Ұлттық Мәжілісі қазақтардың көшіп келуі мен оларды теңіз және құрлық жолдарымен әкелу туралы шешім қабылдады. Бұл бізді қиындықтан құтқарған шешім болды, 2000 адамымыз аурудан өлгенімен, алты жыл ішінде бірде-бір бала туылмады. Үндістанның климатының жайсыздығынан жұқпалы және қабыну аурулары себеп болып, бірде бір әйел жүкті болмады...» [Алтай, 2000:114].

1952 жылдың қыркүйек айынан бастап, 1954 жылдың сәуіріне дейін қазақтар Түркияға бөлініп жеке топ болып келді [Кага, 2010]. Қазақтар Бағдаттан Ирактың Нусаибин қаласындағы Талкөшек елді - мекеніне, сол жерден вагондарға отырып, Урфа, Халеп, Адана арқылы Стамбулға жеткізілді (Сур.2).




Сур. 2. Шығыс Түркістаннан Түркияға көші-қон картасы [Алаш Казак Вадиси Тарихчесі, 2010: 5]

Fig. 2. Migration map from East Turkestan to Turkey. [Алаш Казак Вадиси Тарихчесі, 2010: 5]


Қазақтарды Түркияның премьер-министрі Аднан Мендерес қарсы алады [Mustafa, 2007:136]. Кешмирден келетін көшке байланысты сол кездегі Түркиялық баспасөз беттерінде көптеген жаңалықтар жарияланды (Сур.3) [Tuncer, 2015]. Мысалы, «Миллиет» газеті Хүсейн Тейдж дерегіне сүйене отырып, 103 адамның жақында келетінін хабарлады [Кул, Tuncer, 2015:193-234]. Аталмыш газеттің 1952 жылдың 28 қазанында 103 адамдық топтың

Хүсейн Тейджи басшылығымен жолға шыққанын жариялады [Milliyet Gazaresi, 1952; Kul, Tuncer, 2015:221].



Сур. 3. 1952 жылғы 2 тамызда «Milliyet Gazetesi» газетінде «Шығыс Түркістандық азаматтардың Түркияға келуі туралы жарияланған хабарламалар [Milliyet Gazaresi, 1952; Kul, Tuncer, 2015:193-234].

Fig. 3. Announcements published in the «Milliyet Gazetesi» newspaper on August 2, 1952, regarding the arrival of East Turkistani citizens to Turkey. [Milliyet Gazaresi, 1952; Kul, Tuncer, 2015:193-234].



Сур. 3.1. Хүсейн Тейжімен жолға шығатын азаматтарға Түркия қоныс аударушы ретінде қабылдау шарттары мен жолға қажетті дайындықтардың қандай болу керектігін көрсететін Нью Дели елшілігі тарапынан берілген құжат.

Fig. 3.1. A document issued by the New Delhi Embassy outlining the conditions under which Hüseyin Teyji and the citizens traveling with him would be accepted as immigrants to Turkey, as well as the necessary preparations for the journey.

Қазақтардың Анадолыға қоныстануы. Алғашқы көш 1952 жылдың 12 қарашасында Түркияға келген қазақтар түрік жерінің түрлі аймақтарына орналастырылды. Ең бірінші, Стамбулда үш түрлі қонақ үйде уақытша (1-2 жылдай) орналастырылды. Бұл қонақ үйлер: Тұзла, Сіркежі және Зейтинбурну қонақ үйлері болатын [Göktürk, 2005:130-135]. Осы уақыт аралығында «Жер және қоныстандыру істері жөніндегі бас басқармасы» тарапынан қазақ отбасылары азық-түлікпен

қамтамасыз етілді. Қонақ үйлердегі Шығыс Түркістандық көшпенділер кейінірек басқа облыстарға қоныстандырылды. Атап айтсақ:

1. 201 адамнан тұратын 59 отбасы Нигде облысы Аксарай ауданы Сұлтанхан Нахие орталығына;
2. 468 адамнан тұратын 146 отбасы Маниса облысы Салихли ауданы орталығына;
3. 104 отбасыдан тұратын 344 адамдық топ, Қайсери облысының Девели ауданы Синделхөйүк және Каражавиран ауылдары мен Яхялы ауданына қарасты Копча және Ходжахаджылы ауылдарына;
4. Шығыс Түркістандық көшпенділердің өздерінің аттарымен аталатын Нигде облысының Улуқышла ауданындағы Алтай ауылына 545 адамнан тұратын 160 отбасы;
5. Конья облысының орталық ауылдарынан Исмильге 238 адамнан тұратын 60 отбасы;
6. Конья Эреғлісіне 11 отбасыдан тұратын 35 адам;
7. Тек 10 адамнан тұратын екі отбасы Адапазаның орталығына қоныстандырылды. Жалпы саны 542 отбасы, 1841 адам болды. 1967 жылға қарай 1234 туу көрсеткішімен бұл деректер өзгеріп, 3075-ке жетті [Gayretullah, 1977; Tuncer, 2015:303-304].

Кесте 1. Қазақтардың қоныстануы. 1953-1958 (Svanberg, 1998:85]


Table 1. Settlement of Kazakhs, 1953–1958 [Svanberg, 1998: 85]

Әкімшілік аймақ	Аудан	Отбасы саны	Бөлінген аймақ (1000 кв.м-1,2 гектар)
Kayseri (Кайсері)	Develi (Девели)	104	3,328
Konya (Конья)	Konya (Конья)	72	11,664
Sakarya (Сакария)	Adapazarı (Адапазари)	2	-
Manisa (Маниса)	Salihlı (Салихлы)	160	-
Niğde (Нигде)	Ulukışla (Улыкышла)	226	16,995

1965 және 1967 жылдары Ауғанстан арқылы Түркияға бағытталған екінші көші-қон. Шығыс Түркістаннан келген екінші толқын 1960 жылдардан бастап қоныстана бастады. Бұл мәселеде Түркия үкіметінің және Коньядан сайланған депутат, доктор Фарук Сүканның, сондай-ақ басқа да депутаттардың көмегімен Шығыс Түркістаннан келген босқындарды тұрақты иммигрант ретінде Түркияға әкелу шешімі қабылданды және 1964 жылғы мемлекеттік бюджетке қажетті қаржы бөлінді (Сур.5). Осы шешімнен кейін 118 отбасының келуі бекітілсе де, Ауғанстаннан тек 234 адамнан тұратын 74 отбасы Түркияға көшіп келді. [Kul, 2007:550]. Ауған әуе жолдарының ұшақтарымен үш топ болып Кабулдан Анкараға жеткізілді. Бірінші топ 11 қазан, екінші топ 13 қазан және үшінші топ 16 қазан 1965 жылы Түркияға қоныс аударды [Milliyet Gazetesi, 1965: 304; Tuncer, 2015: 304]. Аталмыш топты Шығыс Түркістан Көшпенділер Қоғамының өкілдері мен тиісті кейбір мемлекеттік қызметкерлері тарапынан Анкара әуежайында қарсы алынды. Көшпенділер кеден және табиғи процестерін аяқтағаннан кейін сол күні кешке автобустармен қоныстандыру аумағы болған Кайсери қаласына жіберілді [Tuncer, 2015: 306].

1982 жылы Президент Кенан Евреннің Ауғанстанға сапарынан кейін, 60 отбасы, шамамен 250-300 қазақ иммигрант ретінде қабылданып, Кайсери қаласына орналастырылды. 1990 жылдардың басына дейін осы көші-қон нәтижесінде шамамен 5 мың қазақ Ауғанстаннан Түркияға қоныс аударған [Doğanay, 1996]. Бұл көш Шығыс Түркістаннан болған соңғы көші-қон толқыны болды.

1960-1980 жылдарды қамтитын кезең қазақ отбасылары үшін Түркияда тұрақтап, бейбіт өмірге оралған кезеңі десек те болады. Түркия аймақтарына орналасқан қазақтар балаларын мектепке орналастырып, сауда жасауға, шағын шеберханалар ашып жеке кәсіптерін жүргізе бастады және қоршаған ортамен бейімделу процесі де діні, тілі ұқсас туыстас халық болғандықтан өте жеңіл өтті [Türkiye'deki Kazaklar]. 1980-жылдардың соңына қарай Түркияда тұрған шамамен 5000 қазақ отбасының басым көпшілігі Станбулда өмір сүрген. Түркия Республикасының министрлер кеңесінің алғашқы бұйрығымен қоныстанған аймақтарда бүгінгі күнге дейін қазақ отбасылары өмір сүріп жатқаны байқалады [Çolak, 2007:105-108].



Сур. 5. 1967 жылғы көші-қоннан кейін Шығыс Түркістандықтардың қоныстанатын үйлерін салуға қажетті материалдарға қатысты Үкімет қабылданған Министрлер кеңесінің шешімі [Tuncer, 2015: 404]

Fig. 5. The Council of Ministers' decision adopted by the Government regarding the materials needed for building homes for East Turkistani settlers following the 1967 migration [Tuncer, 2015: 404]



Сур. 5.1. Шығыс Түркістандықтардың Түркияға келуі туралы 1967 жылғы 30 наурызда «Milliyet» газетінде шыққан хабарлама [Kul, Tuncer, 2015: 193]

Fig. 5.1. An announcement published in the «Milliyet» newspaper on March 30, 1967, regarding the arrival of East Turkistanis to Turkey [Kul, Tuncer, 2015: 193]


Үш тарихи кезеңнен тұратын көшті бастаған азаматтардың Түркияны соңғы тұрақты мекен ететін ел ретінде таңдап алуы да кездейсоқ емес, саналы таңдау болатын. Олардың мақсаты - тілі, діні, мәдениеті және тарих тұрғысынан ортақ тамырлары бар Түркияда өмір сүру, қоғамға бейімделу процесі жеңіл өтетінін алдын-ала болжаған болатын. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, Қазақстанға 10 мың қазақ оралған болатын [Kara, 2012].

Қазіргі уақытта Түркияда шамамен 20 мыңнан астам қазақ өмір сүруде. Олардың көпшілігі Стамбулда (Зейтинбурну және Казаккент) аймақтарына орналасқан. Стамбулдан кейінгі ең үлкен қазақ қоныс аударған орталықтар - Салихли және Алтай ауылы. Осы аталған қалаларда қазақ мәдени орталықтары белсенді түрде жұмыс істейді (Сур. 6).



Сур. 6. Салихли ауданындағы қазақ түріктерінің әлеуметтік ынтымақтастық және мәдениет бірлестігі, 2005 жылы 18 ақпанда құрылған. (Дереккөз: Автор)

Fig. 6. The Social Cooperation and Cultural Association of Kazakh Turks in the Salihli District, established on February 18, 2005. (Source: Author)



Сур. 6.1. Измир, Кемалпаша ауданындағы Алаш Қазақ ауылындағы қымыз фермасы (Дереккөз: Автор)

Fig. 6.1. Kumis farm in the Alash Kazakh village, Kemalpaşa district, İzmir (Source: Author).

Еуропадағы қазақ диаспорасының қалыптасу кезеңі де Түркия қазақтарымен тікелей байланысты. Батыс Еуропадағы қазақ диаспорасының алғашқы бөлігін 31 қазан 1961 жылы Түркия мен Германия арасындағы «Түрік еңбек миграциясы туралы келісім» нәтижесінде 1962 жылдан бастап Түркиядан Германияға ресми еңбек көші-қоны арқылы барған қазақ азаматтар құрайды [Kesici, 2023:59]. Шығыс Түркістаннан Анадолыға көшіп келген қазақтар түрлі саяси, экономикалық және әлеуметтік қиыншылықтарға қарамастан, қазіргі таңда Түркияның экономикалық, білім беру саласында, әлеуметтік және мәдени дамуына, этно-демографиялық жағдайына елеулі ықпал етіп, өз кәсіптерін жалғастыруда.

Қорытынды. Шығыс Түркістан қазақтарының XX ғасырдағы көші-қон тарихы – қазақ халқының тарихи тағдырындағы ерекше маңызды кезең болып табылады. Түркия үкіметі мен халықаралық ұйымдардың қолдауымен жүзеге асырылған қоныстандыру бағдарламалары Шығыс Түркістан қазақтары үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынды. Бұл бағдарламалар қазақтардың жаңа ортаға бейімделуін жеңілдетіп, оларды экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан нығайтуға ықпал етті. Зерттеуде анықталғандай, Түркияға қоныс аударған қазақтар ауыл шаруашылығы, сауда және қолөнер сияқты салаларда белсенділік танытып, жергілікті қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымына өз әсерін тигізді. Түркияда құрылған мәдени орталықтар, білім беру ұйымдары және ұлттық құндылықтарды насихаттайтын іс-шаралар қазақ халқының ұлттық бірегейлігін сақтап қалуына айтарлықтай үлкен ықпал етті. Бұл үрдіс қазақ диаспорасының этно-саяси дамуындағы және мәдени мұраны болашақ ұрпаққа жеткізудегі маңызды рөлін көрсетеді.

Шығыс Түркістан қазақтарының көші-қон тарихы тек бір халықтың өмірлік тәжірибесін ғана емес, көші-қон процестерінің этникалық топтардың әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуына тигізетін әсерін зерттеудің құнды мысалы болып табылады. Аталмыш зерттеу мақаласы қазақ диаспорасының Түркиядағы тарихи орнын анықтап қана қоймай, жалпы көші-қон процестері мен олардың этно-мәдени ықпалы туралы түсінікті тереңдете түседі. Алдағы уақытта қазақ диаспорасының халықаралық деңгейдегі этно-мәдени байланыстарын және жаһандану жағдайындағы ұлттық бірегейлікті сақтау тәжірибелерін зерттеу маңызды тақырыптың бірі. Бұл Шығыс Түркістан қазақтарының көшіп-қонғаннан кейінгі өмірінің түрлі аспектілерін тереңдей зерттеуге, талдауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- Алтай, 2000 – *АлтайХ*. Алтайдан ауған ел. Алматы: Атажұрт, 2000. 406 б.
- Атантаева, Мамырбеков, Оспанова, 2016 – *Атантаева Б.Ж, Мамырбеков А.М, Оспанова А.К.* Шығыс Қазақстандағы репатриация үдерісінің тарихы (1991-2011 жж.) Семей, 2016, 145 б.
- Джордж, 1997 – *Джордж Д.* Орыстардың Қазақстанды отарлауы (1896-1916). Алматы: Ғалым, 1997. 42-64-бб.
- Есмағамбетов, 1994 – *Есмағамбетов К.* Қазақтар шетел әдебиетінде. Алматы: Атамұра, 1994.. 38 б.
- Жеменей, 2007 – *Жеменей И.* Иран қазақтары. Алматы: Зерде, 2007. 3 б.
- Қасымжанов, 1994 – *Қасымжанов А.* Қазақ. Алматы: Білім, 1994. 80 б.
- Қинаятұлы, 1995 – *Қинаятұлы З.* Жылаған жылдар шежіресі. Алматы: Санат, 1995, 298 б.
- Қуандық, 2018 – *Қуандық Е.* Шығыс Түркістан деп аталатын қазақтың жері қалай Шинжаң өлкесі болды. Қазақ үні. 14 шілде. URL: <https://qazaquni.kz/sayasat/87510-shyghys-tuerkistan-dep-atalatyn-qazaqty>
- Мендикулова, Атантаева, 2008 – *Мендикулова Г., Атантаева Б.* История миграции между Казахстаном и Китаем в 1860-1960 -е гг. Алматы: SaGa, 2008. 232 с.
- Oraltay, 1976 – *Oraltay H.* Hürriyet Uğrunda Doğu Türkistan Kazak Türkleri. Türk Kültür Yayını. İstanbul, 1976.
- Алаш Kazak Vadisi Tarihçesi, 2010 – *Алаш Kazak Vadisi Tarihçesi* (Orta Asya'dan Ege'ye son Kazak Göçü). Kemalpaşa. İzmir, 2010.
- Alimcan, 2010 – *Alimcan İ.* Bir Medeniyet Havzası Olarak Doğu Türkistan, Hür Doğu Türkistan Sempozyumu. Mart, 2010.
- Bregel, 2003 – *Bregel Y.* An Historical Atlas Of Central Asia. Brill Leiden. Boston, 2003. Pp. 95-96.
- Çolak, 2007 – *Çolak F.* Salihli Kazaklarının Günümüzdeki Durumu, Kazakistan Ve Türkiye'nin Ortak Kültürel Değerleri Uluslararası Sempozyumu 21-23 Mayıs 2007. Almaty, 2007. 105-108.
- Çolak, 2007 – *Çolak F.* Salihli Kazaklarının Günümüzdeki Durumu, Kazakistan Ve Türkiye'nin Ortak Kültürel Değerleri Uluslararası Sempozyumu 21-23 Mayıs 2007. Almaty, 2007. Pp. 105-108.
- Doğanay, 1996 – *Doğanay F.* Türkiye'ye Göçmen Olarak Gelenlerin Yerleşimi, Kasım, 1996.
- Erkin, 2002 – *Emet E.* Türkler Ansiklopedisi, Ankara, 2002.
- Göktürk, 2005 – *Göktürk H.* Doğu Türkistan'dan Anadolu'ya Göçler, Uluslararası Göç Sempozyumu, 8-11 Aralık 2005. Zeytinburnu Belediyesi Yayınları, İstanbul. Pp. 130-135.
- Gayretullah, 1977 – *Gayretullah H.* Altaylar'da Kanlı Günler, Hamle Yayınları, İstanbul, 1977.
- Hakim, 2010 – *Hakim M.* Doğu Türkistan 20.yy İstiklal Mücadelesi, Hür Doğu Türkistan Sempozyumu. Mart, 2010.
- Kafkasyalı, 2012 – *Kafkasyalı A.* Bağımsızlıklarının 20. Yılında Kazakların İstiklal Mücadelesi Tarihine Bir Bakış, Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi. *Journal of Turkish World Studies*. XII/1. 2012. Pp.167-192.
- Kara, 1996 – *Kara A.* Kazakların Doğu Türkistan'dan Anadolu'ya Göçü. İstanbul: Kazak Türkleri Vakfı Yayını. 1996.
- Kara, 2010 - *Kara Abdulvahap.* Kazakların Altaylardan Anadolu'ya Uzanan Göçü. Göç Sempozyumu, İstanbul, 2010.
- Kesici, 2003 – *Kesici K.* Doğu Türkistanlı Kazak Türklerinin Türkiye'ye Göçünün 50. Yılı Münasehhtiyle-I'. *Türk Dünyası Araştırmaları Tarih Dergisi*. No. 195. Mart 2003.
- Kesici, 2023 – *Kesici A.* Avrupa'ya Göç'ün 50. yılında Kazak Diasporası'nın Bugünü Ve Geleceği, Türk Diasporası ve Türk Dünyası Vizyon 2023.
- Kırimer, 1997 – *Kırimer S.* Rus Yayılmacılığının Tarihî Kökenleri, TDV Yay. Ankara, 1997. Pp. 132-133.
- Kul, 2007 – *Kul O.* İsa Yusuf Alptekin'in Mücadele Hatıraları. Haz. Ömer Kul, Ankara: Berikan Yayınevi, 2007.
- Kul, Tuncer, 2015 – *Kul O., Tuncer T.* XX. Asırda Doğu Türkistan'da Göçler, Türk Dünyasında Sürgün ve Göç. Türk Dünyasında Sürgün Ve Göç Sempozyumu, Yeditepe Ofset, İstanbul, 2015. Pp. 193-234.
- Kara, 2012 – *Kara A.* Kazakların Altaylardan Anadolu'ya Uzanan Göçü, 17 OCAK 2012. URL: <http://www.abdulvahapkara.com/karavahap-2/?fbclid=IwAR2zpbNB3uQ71ghyU5zk6wEwStuMS7iET05wNfE2UWoF4AyNQQbLEAM8FRs>

- Mustafa, 2007 – *Mustafa K.* Sovyetler Döneminde Kazakların Göç Hareketleri Ve Anadolu’da (Altay Köyü’nde) İskân Edilişleri. TÜBAR-XXI-/2007-Bahar. Pp. 124-139.
- Milliyet Gazaresi, 1952 – *Milliyet Gazaresi*. 28. 10. 1952.
- Milliyet Gazetesi*, 1965 – *Milliyet Gazetesi*, 10.10.1965.
- Ospanova, 2016 – *Ospanova A.K.* Yurt Dışındaki Kazakların Kazakistan’a Geri Dönme Süreci, 3. Uluslararası Öğrenciler Sosyal Bilimler Kongresi, Bildiriler Kitabı –II. 02-03 Aralık, 2017. İstanbul. Pp. 361-377
- Svanberg, 1998 – *Svanberg İ.* Kazak Refugees in Turkey: A Study of Cultural Persistence and Social Change. Uppsala, 1998.
- Tuncer, 2015 – *Tuncer T.* 1949-1964 Yılları Arasında Doğu Türkistan’da İstiklal Mücadelesi Ve Türkiye’ye Yapılan Göçler (Yayınlanmamış Doktora Tezi), Celal Bayar Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Manisa, 2015.
- Tuncer. 2006 – *Tuncer B.* Türk, Türklük ve Türkler, 2. Baskı, IQ Kültür Sanat Yayıncılık, İstanbul, 2006. Pp. 97-100.
- Türkiye’deki Kazaklar Hakkında Araştırmalar. URL: [Http://Jaskazakh.Kazakhaber.Com](http://Jaskazakh.Kazakhaber.Com)
- Yiğit, 2001 – *Ali Yiğit.* Kazakistan’ın Değişen Etnik Yapısı, Fırat Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi. Cilt: 10 Sayı: 2, 2001, Elazığ. Pp. 1-15.

References

- Alaş Kazak Vadisi Tarihçesi, 2010 – *Alaş Kazak Vadisi Tarihçesi* (Orta Asya’dan Ege’ye son Kazak Göçü) [History of Alash Kazakh Valley (The last Kazakh Migration from Central Asia to the Aegean)], Kemalpaşa, İzmir, 2010. [in Turk.]
- Alimcan, 2010 – *Alimcan İ.* Bir Medeniyet Havzası Olarak Doğu Türkistan [East Turkestan as a Civilization Basin], Hür Doğu Türkistan Sempozyumu, Mart, 2010. [in Turk.]
- Atantaeva, Mamırbekov, Ospanova, 2016 – *Atantaeva B.J., Mamırbekov A.M., Ospanova A.K.* Shıgıs Qazaqstan Uderisin tarihinin repatriassiyası (1991-2011 J.J.) [History of the repatriation process in East Kazakhstan (1991-2011)] Semey, 2016. 145 p. [in Kaz.]
- Bregel, 2003 – *Bregel Y.* An Historical Atlas Of Central Asia, Brill Leiden, Boston, 2003. Pp. 95-96.
- Çolak, 2007 – *Çolak F.* Salihli Kazaklarının Günümüzdeki Durumu [The Current Situation of Salihli Kazakhs], Kazakistan Ve Türkiye’nin Ortak Kültürel Değerleri Uluslararası Sempozyumu 21-23 Mayıs 2007, Almaty. Pp. 105-108. [in Turk.]
- Çolak, 2007 – *Çolak F.* Salihli Kazaklarının Günümüzdeki Durumu [The Current Situation of Salihli Kazakhs], Kazakistan Ve Türkiye’nin Ortak Kültürel Değerleri Uluslararası Sempozyumu 21-23 Mayıs 2007, Almaty. Pp. 105-108. [in Turk.]
- Djordj, 1997 – *Djordj D.* Orıstardın Qazaqstandı otarlauy (1896-1916) [Russian colonization of Kazakhstan (1896-1916)]. Almatı: Galım, 1997. 42-64 bb [in Kaz.]
- Doğanay, 1996 – *Doğanay F.* Türkiye’ye Göçmen Olarak Gelenlerin Yerleşimi [Settlement of Immigrants to Turkey], Kasım, 1996. [in Turk.]
- Erkin, 2002 – *Erkin E.* Türkler Ansiklopedisi [Encyclopedia of Turks], Ankara, 2002. [in Turk.]
- Göktürk, 2005 – *Göktürk H.* Doğu Türkistan’dan Anadolu’ya Göçler [Migrations from East Turkestan to Anatolia], Uluslararası Göç Sempozyumu, 8-11 Aralık 2005, Zeytinburnu Belediyesi Yayınları, İstanbul. Pp. 130-135. [in Turk.]
- Gayretullah, 1977 – *Gayretullah H.* Altaylar’da Kanlı Günler [Bloody Days in Altaylar], Hamle Yayınları, İstanbul, 1977. [in Turk.]
- Hakim, 2010 – *Hakim M.* Doğu Türkistan 20.yy İstiklal Mücadelesi [East Turkestan 20th century Independence War], Hür Doğu Türkistan Sempozyumu, Mart, 2010, s. 113. [in Turk.]
- Jemeney, 2007 – *Jemeney I.* İran Qazaqtary [Iranian Kazakhs]. Almaty: Zerde, 2007. [in Kaz.]
- Kafkasyalı, 2012 – *Kafkasyalı A.* Bağımsızlıklarının 20. Yılında Kazakların İstiklal Mücadelesi Tarihine Bir Bakış [A Glimpse of the History of the Kazakh Independence Struggle in the 20th Year of Independence], Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi / Journal of Turkish World Studies, XII/1. 2012. Pp.167-192. [in Turk.]
- Kara, 1996 – *Kara A.* Kazakların Doğu Türkistan’dan Anadolu’ya Göçü [Migration of Kazakhs from East Turkestan to Anatolia]. İstanbul: Kazak Türkleri Vakfı Yayını. 1996. [in Turk.]
- Kara, 2010 – *Kara A.* Kazakların Altaylardan Anadolu’ya Uzanan Göçü [Migration of Kazakhs from Altai to Anatolia]. Göç Sempozyumu. İstanbul, 2010. [in Turk.]
- Kasymzhanov, 1994 – *Kasymzhanov A.* Qazaq [Kazakh]. Almaty: Bilim, 1994. 80 s. [in Kaz.]
- Kesici, 2003 – *Kesici K.* Doğu Türkistanlı Kazak Türklerinin Türkiye’ye Göçünün 50. Yılı Münasehletiyle [On the Occasion of the 50th Anniversary of the Migration of Kazakh Turks from East Turkestan to Turkey-1’]. *Türk Dünyası Araştırmaları Tarih Dergisi*. No. 195. Mart 2003. [in Turk.]
- Kesici, 2023 – *Kesici, A.* Avrupa’ya Göç’ün 50. yılında Kazak Diasporası’nın Bugünü Ve Geleceği [The Present and Future of the Kazakh Diaspora in the 50th Anniversary of Migration to Europe]. *Türk Diasporası ve Türk Dünyası Vizyon*. 2023. [in Turk.]

- Kırimer, 1997 – *Kırimer S.* Rus Yayılmacılığının Tarihi Kökenleri [Historical Roots of Russian Expansion]. TDV Yay. Ankara, 1997. Pp.132-133. [in Turk.]
- Kuandyk, 2018 – Kuandyk Y. Shygys Turkistan dep atalatyn kazaktyn zheri kalai Shinzhiyan olkesi boldy [How the Kazakh land known as East Turkestan became the Xinjiang region]. July 14. URL: <https://qazaquni.kz/sayasat/87510-shyghys-tuerkistan-dep-atalatyn-qazaqty> [in Kaz.]
- Kul, 2007 – *Kul O.* İsa Yusuf Alptekin'in Mücadele Hatıraları [Struggle Memories of İsa Yusuf Alpekin]. Haz. Ömer Kul, Ankara: Berikan Yayınevi, 2007. [in Turk.]
- Kul, Tuncer, 2015 – *Kul O., Tuncer T.* XX. Asırda Doğu Türkistan'da Göçler [XX. Migrations in Eastern Turkestan in the Century]. Türk Dünyasında Sürgün ve Göç. Türk Dünyasında Sürgün Ve Göç Sempozyumu, Yeditepe Ofset, İstanbul, 2015. Pp. 193-234. [in Turk.]
- Kara, 2012 – *Kara A.* Kazakların Altaylardan Anadolu'ya Uzanan Göçü [Migration of Kazakhs from Altai to Anatolia]. 17 OCAK 2012. URL: <http://www.abdulvahapkara.com/karavahap-2/?fbclid=IwAR2zpbnB3uQ71ghyU5zk6wEwStuMS7iET05wNfE2UWoF4AyNQqbLEAM8FRs> [in Turk.]
- Mendikulova, Atantayeva, 2008 – *Mendikulova G., Atantayeva B.* Istoriya migratsii mezhdur Kazakhstanom i Kitayem v 1860-1960-ye gg [History of migration between Kazakhstan and China in the 1860-1960s]. Алматы: SaGa, 2008, 232 p. [in Rus.]
- Mustafa, 2007 – *Mustafa.K.* Sovyetler Döneminde Kazakların Göç Hareketleri Ve Anadolu'da (Altay Köyü'nde) İskân Edilişleri [Migration Movements of Kazakhs During the Soviet Period and Their Settlement in Anatolia (Altay Village)]. TÜBAR-XXI-/2007-Bahar. Pp. 124-139. [in Turk.]
- Milliyet Gazaresi, 1952 – *Milliyet Gazaresi* [Milliyet Newspaper]. 28. 10. 1952. s. 3[in Turk.]
- Milliyet Gazetesi*, 1965 - Milliyet Gazetesi [Milliyet Newspaper]. 10.10.1965 [in Turk.]
- Ospanova, 2016 – *Ospanova A.K.* Yurt Dışındaki Kazakların Kazakistan'a Geri Dönme Süreci [The Process of Returning Kazakhs Abroad to Kazakhstan] 3. Uluslararası Öğrenciler Sosyal Bilimler Kongresi. Bildiriler Kitabı –II. 02-03 Aralık, 2017, İstanbul. Pp. 361-377 [in Turk.]
- Qinayatılı, 1995 – *Qinayatılı Z.* Jılagan jıldar shejiresi [The Chronicle of the Crying Years.]. Almatı: Sanat, 1995, 298 p. [in Kaz.]
- Svanberg, 1998 – *Svanberg İr.* Kazak Refugees in Turkey: A Study of Cultural Persistence and Social Change. Uppsala, 1998.
- Tuncer, 2015 – *Tuncer T.* 1949-1964 Yılları Arasında Doğu Türkistan'da İstiklal Mücadelesi Ve Türkiye'ye Yapılan Göçler [Struggle for Independence in East Turkestan Between 1949 and 1964 and Migrations to Turkey], (Yayınlanmamış Doktora Tezi), Celal Bayar Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Manisa. 2015. [in Turk.]
- Tuncer, 2006 – *Tuncer B.* Türk, Türklük ve Türkler [Turk, Turkishness and Turks], 2. Baskı, IQ Kültür Sanat Yayıncılık. İstanbul, 2006. Pp. 97-100. [in Turk.]
- Türkiye'deki Kazaklar Hakkında Araştırmalar [Research on Kazakhs in Turkey]. URL: <Http://Jaskazakh.Kazakhaber.Com> [in Turk.]
- Yesmagambetov, 1994 – *Yesmagambetov K.* Qazaqtar shetel adabiyetinde [Kazakhs in foreign literature]. Almaty: Atamura, 1994, 38 p. [in Kaz.]
- Yiğit, 2001 – *Yiğit A.* Kazakistan'ın Değişen Etnik Yapısı [The Changing Ethnic Structure of Kazakhstan], Fırat Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi. Cilt: 10 Sayı: 2, 2001, Elazığ. Pp. 1-15. [in Turk.]
- Altay, 2000 – *Altay H.* Altaydan Avған El [A country that has migrated from Altai], Almaty: Atajurt, 2000. [in Kaz.]
- Oraltay, 1976 – *Oraltay H.* Hürriyet Uğrunda Doğu Türkistan Kazak Türkleri [Kazakh Turks of Eastern Turkestan for the sake of freedom]. Türk Kültür Yayımları. İstanbul, 1976. [in Turk.]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/ CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 2

<i>Abdualy A.B., Dzhursunbaev B.A., Tokbolat S.T.</i> FROM UNCHARTED FRONTIER TO IMPERIAL DOMAIN: RECONNAISSANCE EXPEDITIONS IN THE KAZAKH STEPPE.....	272
<i>Айдарбаева Р.К., Уалиева С.К.</i> БОСҚЫНШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ (XX ғ. 30-жж.).....	290
<i>Ахметова У.Т.</i> ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН ЖӘНЕ САРАЙШЫҚ АРХЕОЛОГИЯСЫ.....	307
<i>Beisembayeva A.R.</i> KHAN UALI AND THE DECLINE OF KHANATE AUTHORITY IN THE EARLY XIX CENTURY.....	320
<i>Belyalova A., Zhengis Zh.Zh.</i> FAMINE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S AND ITS REPRESENTATION IN FOREIGN HISTORIOGRAPHY.....	330
<i>Egamberdiyev M., Akhantaeva A.</i> FIGURE OF OTEBAI AULIE AS A COMPONENT OF KAZAKH SACRED TRADITION AND HISTORICAL MEMORY.....	340
<i>Zhakibayeva G.B., Otepova G.E., Kussainov D.Zh.</i> SYSTEMATIZATION OF ARCHIVAL DOCUMENTS ON THE CONQUEST OF SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE MIDDLE OF THE XIX CENTURY.....	352
<i>Зинуров Р.Н.</i> О МЕСТЕ ОСПАНА БАТЫРА В КАЗАХСКОЙ ИСТОРИИ.....	364
<i>Карлыбаев М.А., Идрисов А.Р.</i> ПРОБЛЕМЫ ИДЕНТИФИКАЦИИ АВТОРА КНИГИ «РАДД АЛЬ МАНХУЛ».....	377
<i>Kairullina A., Maksutova A.</i> PERSONALITY AND ACTIVITIES OF THE FIRST KAZAKH OFFICIAL OF THE MIDDLE ZHUZ: SHON BI EDIGEULY.....	388
<i>Касымова Д.Б., Каримова А.Е., Кудайбергенулы Б.</i> НЕМЦЫ В КАЗАХСКОЙ ССР В 1950–1970-е ГОДЫ: СОЦИАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ.....	396
<i>Құмыспаев С.С., Избасарова Г.Б.</i> ПРОБЛЕМЫ ПОСТКОЛОНИАЛИЗМА И ДЕКОЛОНИЗАЦИИ В МИРОВОЙ И ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	415
<i>Қусайнова Ж.А., Бакирова Ж.Е.</i> ЖОШЫ ҰЛЫСЫ: ТАРИХИ ЖАДТЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫРУ МЕН ТАРИХИ РЕКОНСТРУКЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	429

Муканова Г.К.

ПЛЮСЫ И МИНУСЫ КОРЕНИЗАЦИИ. НА ПРИМЕРЕ АКМОЛИНСКОЙ ГУБЕРНИИ, 1920-е гг.....446

Ногайбаева М.С., Түменбай Ы.Н.

XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: ТАЙПА БЕКТЕРІНІҢ ЫҚПАЛЫ.....460

Оспанова А.Қ.

XX ҒАСЫРДАҒЫ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КӨШІ-ҚОН ТАРИХЫ: ҚҰЖАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ ЗЕРТТЕУ.....474

Сағнайкызы С., Сартаев С.А.

КАДРОВАЯ ПОЛИТИКА И ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ РАБОТНИКОВ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ КАЗАХСТАНА (1925–1932 гг.) В КОНТЕКСТЕ СОЦИАЛЬНОЙ УСТОЙЧИВОСТИ.....490

Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч.

ПОЛЬША АУМАҒЫНДАҒЫ КОНЦЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: СЕРГЕЙ ВОРОПАЕВ КҮНДЕЛІГІ МЫСАЛЫНДА (1941–1945).....500

Темирханов Б., Муталиев М., Сауырқан Е.

XX Ғ. БАСЫНДА ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ АЛҒАН ҚАЗАҚ СТУДЕНТТЕРІ: «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ НЕГІЗІНДЕ.....510

Torgautova Sh.A., Sugirbaeva G.D.

TURAR RYSKULOV'S STATE ACTIVITIES IN THE FINANCIAL COMMITTEE UNDER THE COUNCIL OF PEOPLE'S COMMISSARS OF THE TURKESTAN ASSR IN 1922–1923 (DEDICATED TO THE 130TH ANNIVERSARY OF TURAR RYSKULOV'S BIRTH).....520

Тулепбергенов Г.М., Утегенов М.З.

ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСКИХ И БАШКИРСКИХ АУЛОВ В 50-60 ГГ. XX ВЕКА.....530

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.